

Мамандық атауы және шифры: 6В01601-Тарих

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны	Жаңа пән	Ұсынушы
1 Модуль – Тілдік модуль (20 академиялық кредит)						
ЖББП МК	ShT 1101	Шетел тілі	1,2	10		
ЖББП МК	К /О/Т 1102	Қазақ (орыс) тілі	1,2	10		
2 модуль – Жалпы білім беретін пәндер (31 академиялық кредит)						
ЖББП МК	АКТ 1103	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	1	5		
ЖББП МК	Fil 1104	Философия	2	5		
ЖББП МК	ASBM 1105	Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, психология, мәдениеттану)	1,2	8		
ЖББП ЖК	PBVM 1106	Пәнаралық білім беру модулі (Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)	2	5		
ЖББП МК	DSh 1107	Дене шынықтыру	1,2,3,4	8		
3 модуль – Қазақстан тарихы және археологиясы (12 академиялық кредит)						
БП ЖК	Arh 1201	Археология	1	6		
ЖББП МК	АКТ 1108	Қазақстан тарихы	2	5		
БП		Оқу (археологиялық) практикасы	2	2		

2 модуль – Жалпы білім беретін пәндер (31 академиялық кредит)

Пәнаралық білім беру модулі (Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)

Дублин дескрипторлары А, В, С, Д, Е

Пәннің атауы: Экономика, бизнес және кәсіпкерлік негіздері

Бағдарлама авторы: Сұлтамұратова Н.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: негізгі экономикалық мәселелерді, теориялық экономиканың тұжырымдамалық ережелерін және бизнес негіздерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Экономика және оның қоғамдағы рөлі. Нарықтық экономиканың жалпы сипаттамасы. Нарықтық экономикаға көшу шарттары. Негізгі экономикалық санаттар (қажеттіліктер, игіліктер, еңбек құралдары, өндіріс құралдары, жұмыс күші, қоғамның өндірістік күштері, өндіріс). Бизнес: әлеуметтік-экономикалық мәні және ұйымдастыру. Кәсіпкерлік: түсінігі, негізгі белгілері және өмір сүру шарттары. Кәсіпкерлік түрлері. ҚР аумағында қолданылатын кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары. Кәсіпкерліктің ұйымдық-экономикалық формалары.

Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттері: Заманауи мектеп басқару, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Экономикалық терминдердің мәнін, нарықтық экономиканың заңдылықтары мен принциптерін білу; В. Кәсіпкерліктің мақсатын, оның даму факторлары мен шарттарын түсіну; С. Бизнес принциптері туралы түсінікке ие болу, бизнес субъектілерін, түрлі түрлері мен түрлерін анықтау; D. Кәсіпкерлік қызметті талдау кезінде экономикалық сипаттағы мәселелерді ажырата білу; Е. Кәсіпкерлік қызметті талдау әдістерін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А, В, С, Д, Е

Пәннің атауы: Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет

Бағдарлама авторы: Нурутдинова А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Курс мемлекет және құқық туралы негізгі түсініктерімен танысуға бағытталған, білім алушылар қазақстандық құқық жүйесі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау тетіктері, заңды жауапкершілік негіздері туралы білім алады. Курсты оқу барысында білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мінез-құлық негіздерімен қатар қоғам мен мемлекетте сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік қалыптасады, білім алушылар сыбайлас жемқорлық құбылыстарына заңды түрде қарсы әрекет ету қабілетін меңгереді.

Курстың қысқаша мазмұны: Мемлекет және құқық ұғымы. Құқық жүйесі. Құқық нормалары. Тұлғаның құқықтық мәртебесі. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен мазмұны. Сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың теріс әсері. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жағдайы. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Сыбайлас жемқорлық көріністерімен және фактілермен күрес. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік.

Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі

Постреквизиттері: Заманауи мектеп басқару, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласындағы білім және түсінік. В. Құқықтық қорғау білімін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздерін практикада пайдалану. С. Қоғамдық және мемлекеттік

құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және заңдылықты бұзу саласында қорытындылар шығаруға, идеяларды және тұжырымдарды бағалауға қабілеттілік. D. Әр түрлі субъектілер арасындағы мүдделер қақтығысын шешу саласындағы дағдылар. E. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық саласындағы дағдылар, құқық қолдану практикасының күрделі міндеттерін шеше білу.

Дублиндік дескрипторлар: А, В, С, Д, Е

Пәннің атауы: Экология және өмір қауіпсіздігі

Бағдарлама авторы: Даулетяров А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Биосфера тұрақтылығын сақтау, барлық адамдардың білім дәрежесіне қарамастан олардың экологиялық ұғымының жоғары болуына септігін тигізу, студенттердің экологиялық білімін, мәдениетін кеңейту, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, адамның мекен ету ортасымен қауіпсіз өзара әрекеттесу және қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерімен таныстыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән қоршаған орта жағдайының өзгеруін бақылау, бағалау және болжау туралы білім береді. Табиғи тұрақтылықтың өзгеру себептерін, табиғи жүйенің біртұтастығы мен құрылымын және қоршаған ортаны қорғау шараларын қарастырады. Азаматтық қорғаныс ұйымының атқаратын жұмыстарымен, зақымдану ошағы және улы заттардың ерекшеліктерімен танысады. Пәннің нақты өмірдегі орнын мен ролін дәйектеу, пәнаралық білімдерді интеграциялау сипатталады.

Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі

Постреквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Табиғи тұрақтылықтың өзгеру себептеріне байланысты экологиялық проблемалар бойынша зерттеулер жүргізеді; В. Применять законы экологии и устойчивого развития в жизни; С. Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды ұсынады; D. Қоршаған ортада адамның тіршілік қауіпсіздігінің теориялық, құқықтық, нормативті-техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады; E. өндірісте және күнделікті тұрмыста қауіпсіз тіршілік етуді қалыпқа келтіруді және тіршілік қауіпсіздігі саласының негізгі мәселелерін анықтайды.

Модуль атауы: 3 Модуль – Қазақстан тарихы және археологиясы (12 академиялық кредит)

Дублиндік дескрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Археология

Бағдарлама авторы: Бисембаев А. А.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Студенттерге археологиялық зерттеу әдістерін үйрету, тарихи кезеңдерді түсіндіру, археологиялық мәдени қабат ұғымын түсіндіру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Археологиялық кезеңдеу, археологиялық зерттеу әдістері Заттың жасын анықтау әдістері. Археологиялық ескерткіштерді сыртқы түріне қарап табу, кезеңдеу.

Пререквизиттері: Орта мектепте оқытылатын тарих курстары

Постреквизиттері: Ежелгі дүние тарихы, Ортағасырлар тарихы, Жаңа және қазіргі заман тарихы

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. көркем мәдениет негіздерін, өнер, архитектура, археология, этнография тарихын білуі болашақ мамандарға өзінің өлкесінің тарихи және мәдени ескерткіштерін айқындауға және оларды тәрбие жұмыстарында пайдалануға көмектеседі, тарих ғылымының категориясы мен методологиясын білуі және түсінуі; В. тарихи құбылыстардың заңдылықтарын талдауға, салыстыруға, түсіндіруге қабілеттілігі; С. тарихи фактілерді талдау және бағалауы, логикалық ойлану, білімдерін қолдану қабілеттілігі; Д. өз бетінше жұмыстана білуі; тарихи материалды

Мамандық атауы және шифры: 6B01601-Тарих
Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2023

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны	Жаңа пән	Ұсынушы
4 Модуль - Педагогикалық білім және физиология. (12 академиялық кредит)						
БП ЖК	Ped 2202	Педагогика	3	4		
БП ЖК	IBB 2203	Инклюзивті білім беру	3	3		
БП ЖК	ZhEFM G 2204	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	3		
БП		Психологиялық-педагогикалық практика	4	2		
5 модуль - Ұлттық руханият және зерттеу әдістері (13 академиялық кредит)						
БП ЖК	КТР 2205	Қосалқы тарихи пәндер	3	5		
БП ЖК	UR 2206	Ұлттық руханият	4	3		
БП ЖК	GZA 2207	Ғылыми зерттеу әдістері	4	5		
6 модуль - Ежелгі тарих және түркі халықтары. (15 академиялық кредит)						
БП ЖК	KET 2208	Қазақстанның ежелгі тарихы	3	5		
БП ЖК	EDT 2209	Ежелгі дүние тарихы	3	5		
БП ЖК	THT 2210	Түркі халықтарының тарихы	3	5		
7 модуль - Орта ғасырлар тарихының өзекті мәселелері. (16 академиялық кредит)						
БП ЖК	OGKT 2211	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы	4	6		
БП ЖК	OGBE T 2212	Орта ғасырлардағы Батыс елдерінің тарихы	4	5		

БП ЖК	OGShE T 2213	Орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің тарихы	4	5		
ЖББП МК	DSh 1107	Дене шыңықтыру	3,4			

Модуль атауы: 4 Модуль - Педагогикалық білім және физиология. (12академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пәннің атауы: Педагогика

Бағдарлама авторы: аға оқытушы Наренова А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: орта білім беру жүйесінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша болашақ мұғалімдердің кәсіби педагогикалық бағыттылығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Педагогика» курсы студенттің болашақ мамандығына бағыт-бағдар беріп, кәсіби біліктілігін қалыптастырады. Жалпы педагогика теориясы және әдіснамасын. Тәрбие теориясы мен әдіснамасын. Тәрбие мақсаты мен заңдылықтарын. Дүниетанымын. Тәрбие әдіс, формаларын. Класс жетекші қызметін. Педагогикалық іс-әрекетті. Дидактиканы. Оқыту принциптерін. Оқыту әдістері мен формаларын. Мектептануды. Мектепшілік бақылауды. Мектептің әдістемелік жұмыстарын меңгереді.

Пререквизиттері: Философия, Әлеуметтік - саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттері: Психологиялық- педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) студенттер оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздерімен танысады; В) тәрбие және оқыту процесінің заңдылықтарын, тұлғаның жеке ерекшеліктері туралы білімін және кәсіби қызметін меңгерумен қатар біртұтас педагогикалық процесс идеясын жүзеге асыру іскерлігін қалыптастырады; С) педагогикалық білімдерге сүйене отырып, тиімді шешімдерді қабылдауды меңгереді. D) Болашақ мұғалімдерде дүниетанымды ұстанымын дамыту және теориялық білімдерін практикалық біліктіліктерге алмастыру қабілеттері ретінде түйінді құзыреттіліктер жиынтығын (зерттеушілік, дидактикалық, тәрбиелік, коммуникативтік, ақпараттық және т.б) қалыптастырады. E) Болашақ мұғалімнің кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін (ізгілік, педагогикалық ойлау, коммуникативтік дағды, педагогикалық әдеп, толеранттылық және т.б) дамытады.

Модуль атауы: 4 Модуль - Педагогикалық білім және физиология. (12академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Инклюзивті білім беру

Бағдарлама авторы: Кадиркулова А.Н.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері): Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге үйренеді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуын зерделейді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата -

аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастырады.

Пререквизиттер: Әлеуметтік - саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер: Тарихты оқыту әдістемесі, Тарихты оқытудағы бағалаудың өлшемдік технологиясы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. балалар және педагогикалық ұжыммен тиімді өзара байланыс жасау үшін педагогикалық тілдесу технологиясын білу. В. түрлі типтегі педагогикалық жағдаяттарды олардың мазмұны және болашақ дамуы тұрғысынан талдай білуі; өзінің педагогикалық позициясын айқындауы; С. Әдістемелік әдебиетпен жұмыс жасау дағдысы, жаңаша ойлау және педагогикалық қызметтің шығармашылық сипаты. Д. Коммуникативтік дағдыларды дамытуы. Е. Ғылыми-пәндік салада терең білім мен кең көлемді эрудицияны қарастыратын жоғары кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Модуль атауы: 4 Модуль - Педагогикалық білім және физиология. (12 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы

Бағдарлама авторы: магистр, аға оқытушы Бисалыева Р.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: оқытушыларды балалар мен жас жеткіншектердің өсіп дамуының физиологиялық ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың түрлі өсу кезеңдеріндегі сан және сапа жағынан өзгерісін, әртүрлі жастағы оқушылардың анатомо-физиологиялық жүйелердің даму заңдылықтарына, жас ерекшелік сипаттамасын оқыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Онтогенездің әртүрлі кезеңдеріндегі ағзаның өмірлік белсенділігінің ерекшеліктерін, мүшелердің қызметін, мүшелер мен ағза жүйелерінің дамуы мен өсуін, балалардың әртүрлі жастағы кезеңдерінің даму заңдылықтарын оқиды. Бұл заңдылықтарды білу мектептің оқу-тәрбие процестерін, білім алушылардың жұмыс және демалыс кестесін ұйымдастыру үшін маңызды болып табылады.

Пререквизиттері: Жоғары оқу орнына дейінгі пәндер

Постреквизиттері: Тарихты оқыту әдістемесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер: а) балалар мен жас жеткіншіктердің анатомиялық-физиологиялық құрылыс ерекшеліктерін біледі;

в) оқыту барысында бала организмінде даму заңдылықтарына, күрделі өзгерістеріне байланысты, оқу тәрбие жұмыстарын үйлестіре ұйымдастыру жолдарында қолдана алады;

с) оқытуда педагогика-психологиялық, дидактикалық ұстанымдарды баланың жас ерекшелігіне қарай талдай алады;

д) алған теориялық білімін практикада пайдалану дағдысын қалыптастыруда таңдай алады;

е) оқу процесіндегі гигиеналық талаптарды ұйымдастыруды және оны оқыту процесінде сәйкестігін тексеріп, деңгейлеп бағалай алады

Модуль атауы: 5 модуль - Ұлттық руханият және зерттеу әдістері

(13 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Қосалқы тарихи пәндер

Бағдарлама авторы: Кадиркулова А.Н.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): қосалқы тарихи пәндердің теориялық негіздерін оқу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Хронология, метрология, топонимика, геральдика, нумизматика, тарихи география, ономастика және т.б. теориялық негіздерін оқу. Қосалқы тарихи пәндердің даму тарихы. Метрикалық өлшеудің түрлі жүйелері.

Методология. Жалпылама өзара байланыс және ықпалдастық принциптері. Кешенді зерттеушілік көзқарас.

Пререквизиттер: Жоғары оқу орнына дейінгі пәндер, Археология және этнология

Постреквизиттер: Музей және архив ісі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қосалқы тарихи пәндер бойынша негізгі ұғымдарды білуі; қосалқы тарихи пәндерде қолданылатын терминдердің шығу тарихын түсіну; тарихи үдерістер мен құбылыстарды түсіну; қолданыстан шыққан ежелгі өлшеу бірліктері туралы түсінігінің болуы; В. Практикада мәліметтерді өңдеудің жалпы ғылыми және тарихи әдістерін қолдану. С. Жыл санау, күнтізбе, хронология, метрологияның тұтастығы және жіктелуі туралы жүйелі білімдерді қалыптастыру. Д. Қарым-қатынас жасай білуі, кәсіби қызметінде құзыретті болуы. Е. Алған білімдерін ғылыми және педагогикалық қызметінде қолдана білуі.

Модуль атауы: 5 модуль - Ұлттық руханият және зерттеу әдістері (13 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Ұлттық руханият

Бағдарлама авторы: Кадиркулова А.Н. аға оқытушы

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Ұлттық руханиятты қалыптастыратын негізгі факторлар тарихи сана, ұлттық тәрбие, рухани мұра, мәдени байлықтар мен әдет-ғұрып, салт-дәстүр және көне тарихи ескерткіштер болып табылатын адами құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру. Соның қатарында тіл мен әдебиеттің, өнер мен ғылымның өркендеуі және оның адам руханиятын қалыптастырудағы орны қажетті болып есептеледі. Кемел ұрпақ тәрбиесін қоғам, отбасы, тәлім-тәрбиенің үйлесімділігінсіз елестете алмайсың. Дәл солар адам руханиятын қалыптастыруда негізгі өлшемдер болып табылады. Руханият — адамзаттың санасына әсер ететін, оның дүниеге көзқарасы, ойлау тәрізін белгілі бағытқа салатын шексіз күш екенін түсіндіру. Руханияттың негізін қоғам, ұлтқа тән рухани, мәдени және материалдық негіздер, дәстүрлер, құндылықтар, тұрмыс тіршілікті, идеялар мен көзқарастарды топтастыратынын ұқтыру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Ұлттық руханият, ұлттық болмыс, ұлттық құндылық, ұлттық сана туралы түсінік. Тарихи сананы қалыптастырудың жолдары. Ұлттық сананың қалыптасу жолдары. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Наным-сенімдері. Ырым-жорамалары мен тиымдарының мән мағынасы. Мәдениет пен өнер. Ұлттық кодтың анықтамасы. Ұрпақ тәрбиесі мәселелері. Ұлттық сезім, түйсік, ұлттық намыс пен ұлттық рух түсініктері. Ұлттық тәрбиенің қайнар көздері мен ерекшеліктері. Адамгершілік, руханилық, имандылық, ізеттілік түсініктері. Ұлттық руханият пәні қоғамдық, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Әлеуметтік - саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер: Ақтөбе облысындағы білім беру ісінің тарихы

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар терминдерді, негізгі фактілерді білуі қажет. В. Нақты практикалық жағдайлар мен жағдаяттарда оқыған материалды қолдана біледі. С. оқу материалдарының құрамдас бөліктерін жіктей біледі. D. Элементтерді қосу, жаңаша құрастыру - эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазады, жоспар құрады. Е. курс бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалай біледі.

5 модуль - Ұлттық руханият және зерттеу әдістері (13 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы: Исмагулов Ұ.Ш.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері, академиялық жазу туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды, теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу, зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және оқуды бітіру жұмыстарын рәсімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Студент ғылыми зерттеулердің түрлерімен, тарихи саладағы ғылыми жұмыстың ерекшеліктерімен, ғылыми-зерттеу жұмысында алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялар мен компьютерлік техниканы қолдану негіздерімен танысуы тиіс.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Әлеуметтік - саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология).

Постреквизиттер: Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (XXғ. дейін)

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Студенттердің қоғамдық құбылыстарға тарихи көзқарасын қалыптастыру. В. Зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістерімен таныстыру. С. Зерттеу әдістері мен әдістемелерінің кешенін анықтай білу. Д. Зерттеу жұмысына қорытынды жасау. Е. Ғылыми интуиция негіздерін қалау. Библиографияны рәсімдеуді, баяндамаларды талқылауды, дискуссияны жүргізуді үйрету.

6 модуль - Ежелгі тарих және түркі халықтары.

(15 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қазақстанның ежелгі тарихы

Бағдарлама авторы: Еспенбетова А.М.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері): Қазақстан тарихының ежелгі кезеңіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы туралы тарихи мәліметтер беру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Палеолит (ежелгі тас ғасыры). Адамның шығу тегі (антропогенез). Африка мен Азия аумағындағы негізгі антропологиялық олжалар. Қазақстанның табиғи жағдайы мен ежелгі гоминидтің тіршілік ету ортасы. Тас дәуірінің археологиялық кезеңі мен хронологиясы. Қазақстан палеолитін зерттеу тарихы. Мезолит (орта тас ғасыры). Неолит (жаңа тас ғасыры). Неолиттің жалпы сипаттамасы. "Неолиттік революция". Энеолит (мыс-тас ғасыры). Тас еңбек құралдарымен қатар болған мыс құралдарының пайда болуы.

Пререквизиттер: Археология және этнология

Постреквизиттер: Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы, Жаңа замандағы Қазақстан тарихы. **Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Студенттердің қоғамдық құбылыстарға тарихи көзқарасын қалыптастыру; Отан тарихы және дүниежүзі тарихы саласындағы озық білімге негізделген, тарихи құбылыстар мен оқиғаларды білу; В. Маңызды тарихи-мәдени ашылулармен және жетістіктермен таныстыру (орта ғасыр дәуіріне дейін қоса). С. Заттық тарихи деректермен жұмыс жасай білуді үйрету: заттарды сипаттау және салыстыру, олардың әртүрлілігін көру, заттардың генезисін анықтау, типологиялық қатарларын құру, хронологиясын анықтау, еңбек құралдарының және адамзаттың материалдық мәдениетінің басқа да заттарының эволюциясын айқындау. Д. Қоғамдық дамудың әртүрлі сатысындағы технологиялық мүмкіндіктердің айырмашылықтарын түсіну. Е. Ғылыми

интуиция негіздерін қалау. Библиографияны құрастыруды, баяндамаларды талқылауды, дискуссияны жүргізуді үйрету.

6 модуль - Ежелгі тарих және түркі халықтары.

(15 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Ежелгі дүние тарихы

Бағдарлама авторы: Купенова Г.Ы.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері): Ежелгі уақытта мемлекеттердің пайда болу және даму тарихы, мемлекеттердің экономикалық және саяси жағдайының ерекшеліктерін анықтау.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Ежелгі Шығыс тарихы – Египет, Қытай, Иран, Кавказ халықтары, Орта Азия тарихы. Мемлекеттік құрылымның ерекшеліктері. Ежелгі Шығыс мәдениеті. Ежелгі Греция және Рим деректері мен тарихнамасы. Греция мен Рим тарихын кезеңдерге бөлу. Дербес мемлекеттердің пайда болуы (Афины, Спарта, Коринф, Фивы, Милет). Филипп патша тұсында Македонияның өрлеуі. Римдегі азамат соғыстары. Республика жақтастарының жеңілісі. Октавиан Август өкіметінің сипаты (трибун, консул және басқа да республикалық лауазымдар, өмірлік император атағы).

Пререквизиттер: Археология және этнология

Постреквизиттер: Орта ғасырлар тарихы, Музей және архив ісі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Оқу барысында студенттер негізгі оқиғалардың күндерін, терминдер мен ұғымдарды, дүниежүзі тарихының көрнекті қайраткерлерін білуі. В. Ежелгі дүние тарихының негізгі оқиғаларының нәтижелері мен қорытындыларын түсінуі. С. Ежелгі дүние мәдениетінің өкілдері мен ескерткіштерін, тарихи дереккөздердің зерттелген түрлерін анықтауы. Д. Студенттер тарихи құжаттың, тарихи-ғылыми тұжырымдарды ескере отырып, тарихи үдерістерді сыни талдай білу; Е. Тарихи құбылыстарға өз бетінше баға беріп, өз пікірін білдіруі.

6 модуль - Ежелгі тарих және түркі халықтары.

(15 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Түркі халықтарының тарихы

Бағдарлама авторы: Еспенбетова А.М.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері): Курстың мақсаты - түркі халықтарының бай тарихы мен мәдениетін зерттеу, түркі қауымының бірлігін ашу, отандық тарихтың өткенімен және шынайы туыстық халықтармен органикалық байланысын көрсету.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Түркі халықтарының тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Түркі мемлекеттерінің құрылуы. Қазақстан аумағындағы түркі тайпалары. Түркі қағанаттарының құрылуы. Саяси оқиғалар.

Пререквизиттер: Қазақстан тарихы

Постреквизиттер: Жаңа замандағы Қазақстанның тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (XXғ. дейін).

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Жалпыадамзаттық құндылықтарды білу және түсіну; түркі халықтары және әлемдік өркениеттер, соның ішінде түркі және көшпенділер тарихын білу; В. Түркі халықтарының нақты тарихын ұғыну; әлемнің әр түрлі аймақтарындағы мәдениет пен қоғамдық-саяси процестерге түрлі әлемдік өркениеттердің әсері мен рөлін анықтау; түркі халықтарының дамуының негізгі үрдістерін сипаттау; С. Қазақтардың өткен өміріндегі көшпелі мал шаруашылығына тән ерекшеліктері туралы талдай білу; Қазақстан халқының көшпелі мал шаруашылығына көшу себептері мен факторларын анықтау. Е. Әр түрлі халықтардың тарихи дамуының жалпы және ерекше

**Модуль атауы: 7 модуль - Орта ғасырлар тарихының өзекті мәселелері.
(16 академиялық кредит)**

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы

Бағдарлама авторы: Избасарова Г.Б.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері):

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша саяси, әлеуметтік және шаруашылық мәдени дамуы туралы мағлұмат беру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Ортағасырлардағы Қазақстанның тарихнамасы мен деректемелері. Ертедегі ортағасырлық мемлекеттер. Дамыған ортағасырлық мемлекеттер. ҮІ-ІХғғ. І жартысындағы отырықшы және көшпелі мәдениет, олардың өзара әсері. X-ХІІғғ. ортағасырлық мемлекеттер. ХІІғғ. материалдық және рухани мәдениет. Қазақстан монғол шапқыншылығы тұсында. ХІV-ХV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттер. Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының құрылуы. ХVІ ғасырдағы Қазақ хандығы. ХVІІ ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. ХVІ-ХVІІ ғасырлардағы Қазақ халқының материалдық мәдениеті. ХVІ-ХVІІ ғасырлардағы Қазақ халқының рухани мәдениеті.

Пререквизиттер: Қазақстан тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Постреквизиттер: Жаңа замандағы Қазақстанның тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (ХХғ. дейін).

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазақстанда ортағасырдағы мемлекеттердің пайда болуы мен оның даму тарихы туралы, ортағасыр кезеңіндегі қазақ жеріндегі мемлекеттердің экономикалық және саяси жағдайының ерекшеліктері біледі. В. Дерекнамалық талдаудың қазіргі әдістеріне сәйкес орта ғасырлық Қазақстан тарихы туралы деректер мәтіндеріне талдау жасау, білімін практикада қолдану; С. Ортағасырдағы Қазақстан жерінде болған тарихи құбылыстар заңдылықтарын талдау, салыстыру, түсіндіру қабілеті; Д. Тарихи ілімінің маңыздылығын оқып- үйренудің маңызын көрсету отырып, тарихи құбылыстарды жаңаша, творчестволық тұрғыда түсінуге қол жеткізу; Е. Ортағасырлық Қазақстан тарихы материалдарын жүйелі баяндау іскерлігі.

7 модуль - Орта ғасырлар тарихының өзекті мәселелері.

(16 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Орта ғасырлардағы Батыс елдерінің тарихы

Бағдарлама авторы: Маден А.Т.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері): Батыс елдерінің ортағасырлық тарихын, тарихи кезеңдер мен бағыттар бойынша зерттеу, өңірдің негізгі тарихи оқиғаларымен танысу. Орта ғасырдағы феодалдық қатынастардың, дәстүрлі мемлекеттіліктің, орта ғасырдағы мемлекеттердегі әлеуметтік құрылымның қалыптасуын зерделеу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Курс орта ғасырлардағы Батыс елдерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдениеттің, ағартудың, білімнің дамуындағы өзгерістерді, Жаңа Әлемнің ашылуын және Ұлы географиялық ашылулар мен т.б. нәтижелерін зерделеуді көздейді. Орта ғасырдағы феодалдық қатынастардың, дәстүрлі мемлекеттіліктің, орта ғасырдағы мемлекеттердегі әлеуметтік құрылымның қалыптасуын зерделеу.

Пререквизиттер: Ежелгі дүние тарихы, Археология және этнология.

Постреквизиттер: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Тарихи процестің жүйелілігін, тұтастығын

сипаттайтын тарихи фактілерді, негізгі оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді, теорияларды, гипотезаларды қолдану. С. Тарихи процестің өркениеттік және формациялық көзқарастарының теориясын, Орта ғасырдағы Батыс Еуропаның тарихи маңызды әдіснамалық концепцияларын, олардың ғылыми және дүниетанымдық негізін анықтау. Д. Еуропа мен Американың жаңа және қазіргі заман тарихын зерттеу кезінде алынған ақпаратты қолдана білу; Е. Алынған білімді жазбаша деректермен жұмыс істеу барысында қолдану.

7 модуль - Орта ғасырлар тарихының өзекті мәселелері.

(16 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің тарихы

Бағдарлама авторы: Купенова Г.Ы.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты мен міндеттері): Шығыс елдерінің ортағасырлық тарихын, тарихи кезеңдер мен бағыттар бойынша зерттеу, өңірдің негізгі тарихи оқиғаларымен танысу. Орта ғасырдағы феодалдық қатынастардың, дәстүрлі мемлекеттіліктің, орта ғасырдағы мемлекеттердегі әлеуметтік құрылымның қалыптасуын зерделеу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Курс орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдениеттің, ағартудың, білімнің дамуындағы өзгерістерді, Жаңа Әлемнің ашылуын және Ұлы географиялық ашылулар мен т.б. нәтижелерін зерделеуді көздейді. Шығыс елдерінің ортағасырлық тарихын, тарихи кезеңдер мен бағыттар бойынша зерттеу, өңірдің негізгі тарихи оқиғаларымен танысу. Орта ғасырдағы феодалдық қатынастардың, дәстүрлі мемлекеттіліктің, орта ғасырдағы мемлекеттердегі әлеуметтік құрылымның қалыптасуын зерделеу.

Пререквизиттер: Ежелгі дүние тарихы, Археология және этнология.

Постреквизиттер: Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Тарихи процестің жүйелілігін, тұтастығын сипаттайтын тарихи фактілерді, негізгі оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді, теорияларды, гипотезаларды қолдану. С. Тарихи процестің өркениеттік және формациялық көзқарастарының теориясын, олардың ғылыми және дүниетанымдық негізін анықтау. Д. Азия және Африканың жаңа және қазіргі заман тарихын зерттеу кезінде алынған ақпаратты қолдана білу; Е. Алынған білімді жазбаша деректермен жұмыс істеу барысында қолдану.

Мамандық атауы және шифры: 6В01601-Тарих

Оқу мерзімі: 4 жыл

3 курс, Қабылдау жылы: 2022

Компоненті (МК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестрі	Кредитте р саны РК/ESTC	Ұсынушы	Жаң а пән
БП						
8 модуль - Оқыту әдістемесі, менеджмент және өлке тарихы. (20 академиялық кредит)						
КП ЖК	ВВМК 3301	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	5	5		
КП ЖК	АОВВІТ 3302	Ақтөбе облысындағы білім беру ісінің тарихы	6	4		
БП ЖК	ТОА 3213	Тарихты оқытудың әдістемесі	5	5		
КП		Педагогикалық практика	6	6		
9 модуль - Жаңа заман тарихы. (20 академиялық кредит)						
КП ЖК	ЕАЕZhZT 3303	Европа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы	5	5		
КП ЖК	ААЕZhZT 3304	Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы	5	5		
БП ЖК	ZhZKT 3214	Жаңа замандағы Қазақстан тарихы	5	5		
БП ЖК	KAR 3215	XIX ғ. Қазақстандағы әкімшілік реформалар	5	5		
10.1 модуль - Қазіргі заман тарихы, тарихнамасы және деректану. (20 академиялық кредит)						
КП ЖК	ААЕКZT 3305	Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы	6	5		
БП ТК	КТТD 3216	Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (XX ғ. дейін)	6	5		
БП ЖК	ЕАЕКZT 3217	Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы	6	5		

БП ТК	KMT 3218	Кеңес мемлекетінің тарихы	6	5		
10.2 модуль - Қазіргі заман тарихы және жаһандану үрдістері. (20 академиялық кредит)						
КП ЖК	ААЕКЗТ 3305	Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы	6	5		
БП ТК	KZAKT 3216	Қазақ зиялылары және Алаш қозғалысының тарихы	6	5		
БП ЖК	ЕАЕКЗТ 3217	Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы	6	5		
БП ТК	ZhUTKZ 3218	Жаһандану үдерістері: теория және қазіргі заман	6	5		

Модуль атауы: 8 модуль - Оқыту әдістемесі, менеджмент және өлке тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Мәден А.Т.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Студент ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді қабылдау, білім беруде барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру дағдыларын меңгереді. Студенттің білім беру жүйесіндегі менеджментті зерттеуде басқару мәдениетін тәрбиелеу және басқарушылық ойлау, талдау қабілетін дамыту. Мектеп басшыларының еңбекті ұйымдастырудағы психологиялық педагогикалық аспектілері және кейбір ғылыми талаптарды, яғни нақтылы басқарушылық білімді мектеп тәжірибесіне енгізу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Курс басқарушылық шешімдерді қабылдау әдістерін зерделейді; нақты жағдайларды талдай және диагностикалай білуді қалыптастырады, болашақ педагог-тарихшылардың білім беру менеджменті жүйесіндегі жұмысқа дайындығын қалыптастырады, мектеп басшыларының еңбегін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашады, басқару функциялары, стильдері мен түрлерімен таныстырады.

Пререквизиттер: Педагогика.

Постреквизиттер: Замануи мектеп басқару

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Ұстаздың білім беру негізінде қалыптасатын тұлғааралық қатынастарға белсенді қатысушылардың бірі ретінде іс-әрекетіне көзқарастарды қалыптастыруы қажет; В. Негізгі мәселелер мәнін анықтап және оларды шешуде әртүрлі бағыттарға бағдар жасай алуы қажет; Басқарудың мәні мен механизмін білуі керек; С. Менеджменттің білім беру жүйесіндегі мәні, әдістері және принциптерімен танысуы керек; білім беру жүйесінде басқару шешімдерін қабылдаудың практикалық дағдысын үйренуі қажет. Д. ҚР Заңын, құқықтық жүйенің негіздерін, менеджердің лауазымдық міндеттерін, мақсатқа жетуді ұйымдастыру жұмысының тиімділігін жетілдіре білуі тиіс; Е. Басқару үрдісіндегі қазіргі ақпараттық технологияны қолдануды меңгеруі керек.

Модуль атауы: 8 модуль - Оқыту әдістемесі, менеджмент және өлке тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Ақтөбе облысындағы білім беру ісінің тарихы

Бағдарлама авторы: Айдарова Г.Б.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Курстың мақсаты: ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басы аралығындағы Ақтөбе өңіріндегі білім беру ісінің тарихын зерделеу. Курстың міндеттері: империялық білім беру саясатының отарлық мәнін ашып көрсету; кеңестік білім беру саясатының прогрессивтік ролін айқындау; сауатсыздық жою бағытындағы іс-шаралардың жүзеге асырылуын сараптау; Ақтөбе өңірінде мұғалім кадрлар даярлау мақсатындағы білім ошақтарының қызметін қарастыру; Өлке тарихында білім беру ісіне үлес қосқан тұлғалар қызметін дәйектеу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): ХІХ ғасырда империялық білім беру саясаты негізінде Орынбор Шекара комиссиясы жанынан қазақ балаларына арнап ашылған мектептің қызметі, өлкедегі орыс-қазақ туземдік мектептердің ұйымдастырылуы, олардың басты мақсаты мен тарихы зерделенеді. Өлкедегі алғашқы мұғалім кадрларын дайындау кезеңі, Ақтөбе өңірінде ашылған алғашқы білім беру ошақтары - мектеп, педагогикалық училищелер мен техникумдардың қызметі, алғашқы түлектері туралы деректік мәліметтер беріледі. Білім беру ісіндегі Ы.Алтынсарин мен Ш.Құлыбековтың қосқан үлестері сарапталады. Сонымен қатар, облыста тұңғыш құрылған Ақтөбе мұғалімдер институтының тарихы талданады.

Пререквизиттер: Педагогика, Жаңа замандағы Қазақстан тарихы

Постреквизиттер: ХІХғ. Қазақстандағы әкімшілік реформалар.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар білім берудегі менеджментті, тарихи білімге оқытудың негізгі әдістерін, технологияларды біледі. В. Практикада құзыретті оқыту, сыни ойлау, инновациялық технологиялар туралы басқа да білімдерді қолдана біледі. С. Тарихи материалды сапалы меңгеру технологиясын жасай алады. Д. Заманауи білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес шығармашыл тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру мақсатын қалыптастырады. Е. Тарихи пәндерді оқыту барысында оқытудың инновациялық технологияларын практикада қолдана біледі.

Модуль атауы: 8 модуль - Оқыту әдістемесі, менеджмент және өлке тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Тарихты оқытудың әдістемесі

Бағдарлама авторы: Кадиркулова А.Н.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): білім беру сапасын арттырудың басты бағыттарының бірі – педагогикалық технологияларды қолдану болып табылады. Қазақстан Республикасы әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесін құрды. Білім беру парадигмалары өзгерді, соған орай тарихи білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарастар мен ұстанымдар пайда болды. Заманауи қоғам мұғалімнің инновациялық қызметінің ғылыми-педагогикалық негіздерін үнемі зерттеуді, тарихи білім беру және тәрбиедегі қазіргі педагогикалық технологияларды зерттеу және игеру әдістерін жетілдіруді талап етеді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): ҚР білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары. Инновациялық технологиялардың сапалық ерекшеліктері. Тарихты

оқытуға инновациялық технологияларды енгізудің ерекшеліктері. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы және оның сапалық тиімді қасиеттері. Білім алушылардың құзыреттіліктерін кеңейту.

Пререквизиттер: Педагогика, Инклюзивті білім беру

Постреквизиттер: Педагогикалық практика.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар білім берудегі менеджментті, тарихи білімге оқытудың негізгі әдістерін, технологияларды білуі қажет. В. практикада құзыретті оқыту, сыни ойлау, инновациялық технологиялар туралы басқа да білімдерді қолдана біледі. С. Тарихи материалды сапалы меңгеру технологиясын жасай алады. Д. Заманауи білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес шығармашыл тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру мақсатын қалыптастыру. Е. Тарихи пәндерді оқыту барысында оқытудың инновациялық технологияларын практикада қолдана білуі.

Модуль атауы: 9 модуль - Жаңа заман тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы

Бағдарлама авторы: Мәден А.Т.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Еуропа және Американың жаңа тарихы әлемдік тарихтың қазіргі заманмен тығыз байланысты бөлігі болып табылады. ХУІІ ғ. ағылшын буржуазиялық революциясынан бастап ХІХ ғ. соңынан дейінгі Еуропа және Америка елдері тарихының негізгі мәселелері мен оқиғаларын, әлем тарихының маңызды құрамдас бөлігі ретінде Еуропа және Американың тарихын оқу, білу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Жаңа заман қарсаңындағы Еуропаның қоғамдық-саяси дамуы. Ағылшын буржуазиялық революциясы. АҚШ-тың құрылуы. Ұлы француз буржуазиялық революциясы. ХІХ ғ. басындағы Франция. ХУІІІ ғ. Англия. Вена конгресі және оның салдары. Латын Америкасындағы тәуелсіздік үшін соғыстар (1810-1826 жж.). ХІХ ғ. 20-жж. Еуропадағы буржуазиялық революциялар. Франция 1815-1847 жылдарда. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы Солтүстік Еуропа елдері. ХІХ ғ. бірінші жартысындағы Оңтүстік Еуропа елдері. АҚШ-тағы азамат соғысы және оның салдары.

Пререквизиттер: Ежелгі дүние тарихы, Орта ғасырлар тарихы.

Постреквизиттер: Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Студенттердің әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретіндегі Еуропа және Америка елдерінің саяси тарихының маңызды оқиғаларының хронологиясын білуі; В. Аталған пәнді оқудағы концептуалдық көзқарасы; Еуропа және Америка елдерінің өркениеттік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ерекшеліктерін оқып білуі; С. Тарихи деректерден алынған ақпараттарды салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістермен талдау дағдыларын үйренуі; Д. Студенттердің ғылыми баяндама, мәнжазбалар дайындау үдерісінде шығармашылық қызметін белсенді ету; Е. Ғылыми интуиция негіздерін қалау; библиография құрастыруды, баяндаманы талқылауды, пікір-талас жүргізуді үйрету.

Модуль атауы: 9 модуль - Жаңа заман тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы

Бағдарлама авторы: Купенова Г.Ы.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы – әлем тарихының қазіргі заманмен тығыз байланысты бір бөлігі. Азия және Африканың шығыс елдерінің ХУІІ ғасырдан ХІХ ғ. соңына дейінгі жаңа тарихының негізгі мәселелері мен оқиғаларын, әлемдік тарихтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде Шығыс тарихын оқып білу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Жаңа заман қарсаңындағы Шығыстың қоғамдық саяси дамуы. Араб мемлекеттерінің тарихы мен дамуы. Сібір және Қиыр Шығыс халықтары. Қытай. Түркия. Орта Азия. Кавказ және Орталық Азия халықтарының мәдениеті.

Пререквизиттер: Ежелгі дүние тарихы, Орта ғасырлар тарихы.

Постреквизиттер: Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): Студенттердің әлем тарихының маңызды бөлігі ретіндегі Азия және Африка елдері саяси тарихының маңызды оқиғаларының хронологиясын білуі; В. Аталған пәнді оқудағы концептуалдық көзқарасы; Азия және Африка елдерінің өркениеттік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ерекшеліктерін оқып білуі; С. Тарихи деректерден алынған ақпараттарды салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістермен талдау дағдыларын үйренуі; Д. Студенттердің ғылыми баяндама, мәнжазбалар дайындау үдерісінде шығармашылық қызметін белсенді ету; Е. Ғылыми интуиция негіздерін қалау; библиография құрастыруды, баяндаманы талқылауды, пікір-талас жүргізуді үйрету.

Модуль атауы: 9 модуль - Жаңа заман тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Жаңа замандағы Қазақстан тарихы

Бағдарлама авторы: Аликулова Н.С.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): «Қазақстанның жаңа заман тарихының» оқытылуы барысында сіз сол заманның басты мәселелерімен, Қазақ қоғамы мен мемлекетінің ХУІІІ – ХХ ғасыр басындағы дамуының ерекшеліктері және заңдылықтарымен танысу арқылы кәсіби тұрғыдан қалыптасу үдерісіне аяқ басасыз.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Қазақстанның ХУІІІ ғ. алғашқы отыз жылдығындағы әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси жағдайы. Қазақстанның Ресейге қосылуы (ХУІІІ ғ. 30-40 жж.). ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның әкімшілік-саяси жағдайы. Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу. Қазақ жерлерінің Ресей империясына қосылуының аяқталуы. ХІХ ғ. екінші жартысында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі және дамуы. Қазақстанның ХХ ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. ХХ ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуы.

Пререквизиттер: Қазақстанның ежелгі тарихы, Қазақстанның ортағасырлардағы тарихы.

Постреквизиттер: Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (ХХ ғ. дейін).

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): ХУІІІ – ХХ ғ. басындағы (1917 ж. дейінгі) Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени дамуына тән өзіндік және заңдылықты қырларын білу және түсіну. В. Қарастырылып отырған кезеңнің басты проблемалары бойынша жүйелі білімдер беру. С. Тарихи деректерден алынған ақпараттарды салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістермен талдау дағдыларын үйренуі; Д. Студенттердің ғылыми баяндама, мәнжазбалар дайындау үдерісінде шығармашылық қызметін белсенді ету; Е. Ғылыми интуиция негіздерін қалау; библиография құрастыруды, баяндаманы талқылауды, пікір-талас жүргізуді үйрету; ұлттық тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Модуль атауы: 9 модуль - Жаңа заман тарихы. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: ХІХғ. Қазақстандағы әкімшілік реформалар

Бағдарлама авторы: Айдарова Г.Б.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Пәннің мақсаты: ХІХ ғ. жүзеге асырылған және қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси, құқықтық өмірінде және әкімшілік-территориялық құрылымында үлкен өзгерістер туындатқан әкімшілік реформаларды оқып білу. Қазақстан территориясындағы патша үкіметінің әкімшілік реформаларын жүргізудің алғышарттары мен салдарлары, патшалық Ресей үкіметінің

аймақтық саясаты талданады. Қазақ тарихындағы XVIII-XIX ғғ. империялық кезеңді сыни талдайды.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Патша үкіметінің Қазақстандағы әкімшілік реформаларының алғышарттары мен салдары. Аталған мәселе бойынша жасалған зерттеулер және негізгі тарихи деректер. Патша үкіметінің аймақтағы реформаларының мақсатын ашу, оны талдау және тарихи маңызы.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттер: : Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (XX ғ. дейін).

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Әкімшілік реформалардың тарихын зерттеу бойынша нақты білімдерінің болуы. В. Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты бойынша білімдерін толықтырады. С. Қазақстанның XIX ғ. экономикасының тарихымен танысады. Д. Бірлескен жобалар мен шараларда басқа адамдармен бірге жұмыс жасау қабілетін қоса алғанда тиімді коммуникациялық және әлеуметтік дағдыларының болуы. Е. Патша үкіметінің қазақ халқына қатысты саясаты туралы терең білім алу.

Модуль атауы: 10.1 модуль - Қазіргі заман тарихы, тарихнамасы және деректану. (20 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Бағдарлама авторы: Купенова Г.Ы.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Курстың мақсаты: XX ғасырдың басына таман империализмнің отарлық жүйесінің қалыптасу процесі мен оның екі дүниежүзілік соғыс нәтижесінде бөлінуін, отарлық жүйенің күйреуі және Шығыс елдерінің саяси тәуелсіздік алуы туралы білім беру. Студенттер Азия және Африка елдерінің XX-XXI ғғ. даму аспектілерін, шығыс қоғамын модернизациялау проблемаларын, оның геосаяси дамуын зерттейді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Азия және Африка халықтарының тарихын оқуда тарихи процестерді кезеңдеу, дәуірлеудің дәстүрлі түрлерінің рөлі. Шығыста капитализмнің пайда болуының бастапқы кезеңін және оның мәндік ерекшеліктерін айқындау. Ескі, отарлық және жартылай отарлық құрылымдарды модернизациялау.

Пререквизиттер: Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы.

Постреквизиттер: магистратура деңгейіндегі пәндер.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қажетті терминологиялық және категориальдық аппаратты; негізгі оқиғаларды, даталар мен түсініктерді; экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени сынды құрамдас бөліктерімен қоса алғанда тарихи үдерісті білуі. В. алған білімдерін практикада қолдануы; өз көзқарасын еркін, сауатты және ашық түрде жеткізуі. С. Өз көзқарастарын еркін, сауатты және ашық түрде жеткізе білу дағдыларын меңгеруі; Д. Қазіргі замандағы Азия және Африка елдерінің орны мен рөлін пайымдауда түрлі теориялық көзқарастардың шынайы мақсаттарын көлемді тарихи материалдар негізінде ашып көрсету дағдыларын білуі. Е. Азия және Африка елдерінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын көрсету; капитализмнің әлемдік жүйесінің орнығуы мен оның Азия және Африка елдерінің одан әрі дамуына ықпалы мәселелерінде құзыретті болуы.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Ұлттық руханиятты қалыптастыратын негізгі факторлар тарихи сана, ұлттық тәрбие, рухани мұра, мәдени байлықтар мен әдет-ғұрып, салт-дәстүр және көне тарихи ескерткіштер болып табылатын адами құндылықтарды жас ұрпақ бойына сіңіру. Соның қатарында тіл мен әдебиеттің, өнер мен ғылымның өркендеуі және оның адам руханиятын қалыптастырудағы орны қажетті болып есептеледі. Кемел ұрпақ тәрбиесін қоғам, отбасы, тәлім-тәрбиенің үйлесімділігінен елестете алмайсың. Дәл солар адам руханиятын қалыптастыруда негізгі өлшемдер болып табылады. Руханият — адамзаттың санасына әсер ететін, оның дүниеге көзқарасы, ойлау тәрізін белгілі бағытқа салатын шексіз күш екенін түсіндіру. Руханияттың негізін қоғам, ұлтқа тән рухани, мәдени және материалдық негіздер, дәстүрлер, құндылықтар, тұрмыс тіршілікті, идеялар мен көзқарастарды топтастыратынын ұқтыру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Ұлттық руханият, ұлттық болмыс, ұлттық құндылық, ұлттық сана туралы түсінік. Тарихи сананы қалыптастырудың жолдары. Ұлттық сананың қалыптасу жолдары. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Наным-сенімдері. Ырым-жорамалары мен тиымдарының мән мағынасы. Мәдениет пен өнер. Ұлттық кодтың анықтамасы. Ұрпақ тәрбиесі мәселелері. Ұлттық сезім, түйсік, ұлттық намыс пен ұлттық рух түсініктері. Ұлттық тәрбиенің қайнар көздері мен ерекшеліктері. Адамгершілік, руханилық, имандылық, ізеттілік түсініктері. Ұлттық руханият пәні қоғамдық, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесіндегі орны.

Пререквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Әлеуметтік - саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер: , Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы , Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениеті.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар терминдерді, негізгі фактілерді білуі қажет. В. Нақты практикалық жағдайлар мен жағдаяттарда оқыған материалды қолдана біледі. С. оқу материалдарының құрамдас бөліктерін жіктей біледі. D. Элементтерді қосу, жаңаша құрастыру - эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазады, жоспар құрады. Е. курс бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалай біледі.

6. Модуль - Еуропа-Америка мен Азия Африканың тарихы және тарихи пәндер, (24 академиялық кредит)

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д,Е)

Пәннің атауы: Еуропа және Америка елдерінің жаңа замандағы тарихы.

Бағдарлама авторы: Бегимбаева Ж.С

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Студенттерге Еуропа және Америка елдерінің жаңа замандағы тарихынан білім беру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Жаңа заман қарсаңындағы Еуропа және Америка елдері. Еуропа елдеріндегі буржуазиялық революциялар. Америка материгіндегі ұлт-азаттық қозғалыстар. Жаңа замандағы халықаралық қатынастар. Бірінші дүниежүзілік соғыс жыладырндағы Еуропа және Америка елдері.

Пререквизиттері: Ежелгі дүние тарихы.

Постреквизиттер: Еуропа және Америка елдерінің қазіргі замандағы тарихы, Тарихнама, Деректану

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазіргі тарих ғылымының аталған пән мәселесіне қатысты негізгі ұғымдары мен әдістерін, категориялық аппаратын білуі; В. Тарихи деректермен жұмыс жасау қабілеттілігі; С.Монографиялардан, ғылыми мақалалар және статистикалық мәліметтерден ақпаратты жалпылау және талдау; Халықаралық қатынастар дамуының негізгі тенденцияларын сипаттау қабілеттілігі; Д. қазіргі мемлекеттердің саясатын бағалау және олардың одан әрі дамуын болжау қабілеттілігі; Е. өз білімін практикалық іс әрекетте қолдану икемінің болуы.

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы

Бағдарлама авторы: Купенова Г.Ы.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы – әлем тарихының қазіргі заманмен тығыз байланысты бір бөлігі. Азия және Африканың шығыс елдерінің ХVII ғасырдан ХIХ ғ. соңына дейінгі жаңа тарихының негізгі мәселелері мен оқиғаларын, әлемдік тарихтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде Шығыс тарихын оқып білу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Жаңа заман қарсаңындағы Шығыстың қоғамдық саяси дамуы. Араб мемлекеттерінің тарихы мен дамуы. Сібір және Қиыр Шығыс халықтары. Қытай. Түркия. Орта Азия. Кавказ және Орталық Азия халықтарының мәдениеті.

Пререквизиттер: Ежелгі дүние тарихы, Орта ғасырлар тарихы.

Постреквизиттер: Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы, Тарихнама, Деректану

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): Студенттердің әлем тарихының маңызды бөлігі ретіндегі Азия және Африка елдері саяси тарихының маңызды оқиғаларының хронологиясын білуі; В. Аталған пәнді оқудағы концептуалдық көзқарасы; Азия және Африка елдерінің өркениеттік, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының ерекшеліктерін оқып білуі; С. Тарихи деректерден алынған ақпараттарды салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістермен талдау дағдыларын үйренуі; Д. Студенттердің ғылыми баяндама, мәнжазбалар дайындау үдерісінде шығармашылық қызметін белсенді ету; Е. Ғылыми интуиция негіздерін қалау; библиография құрастыруды, баяндаманы талқылауды, пікір-талас жүргізуді үйрету.

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу негіздері

Бағдарлама авторы: Еспенбетова А.М.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты):Курста ғылыми жұмыс түрлерін, жұмысты дайындау бағыттарын, материал жинақтау және оны сұрыптау, сыни талдау қыр-сырларын қарастырылады.

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):Пәнді оқытудың мақсат-міндеттері. Ғылыми зерттеудің мақсаты. Ғылыми зерттеудің түрлері. Ғылыми зерттеу жұмыстарының әдіс-тәсілдері.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Ежелгі дүние тарихы.

Постреквизиттері: Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Қазақстанның жаңа заман тарихы, Дипломдық жұмыс

Оқытудан күтілетін нәтижелер:А. көркем мәдениет негіздерін, өнер, архитектура, археология, этнография тарихын білуі болашақ мамандарға өзінің өлкесінің тарихи және мәдени ескерткіштерін айқындауға және оларды тәрбие жұмыстарында пайдалануға көмектеседі, тарих ғылымының категориясы мен методологиясын білуі және түсінуі;В. тарихи құбылыстардың заңдылықтарын талдауға, салыстыруға, түсіндіруге қабілеттілігі; С. тарихи фактілерді талдау және бағалауы, логикалық ойлану, білімдерін қолдану қабілеттілігі; Д. өз бетінше жұмыстана білуі; тарихи материалды жүйелі баяндау икемділігі;Е. логикалық ойлану, алғашқы қауымдық қоғам тарихы бойынша терминдер мен ұғымдарды қолдануы, алғашқы қауымда, рулық құрылыс, алғашқы қауымдық қоғамның ыдырауы және мемлекеттің пайда болуы кезеңдерінде адам дамуының процестерін ашып көрсете алуы;

6B02201-ТАРИХ

3 курс

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пәннің атауы	Семестр	ҚР кредиті, ECTS
7.1 Модуль - Батыс Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы археологиясы мен мәдениеті (major), (20 академиялық кредит)				
БП ТК	BKSSD 3214	Батыс Қазақстан сақ-сармат дәуірінде (major)	5	5
		Батыс Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің археологиялық ескерткіштері (major)	5	5
БП ТК	BKOKAE 3215	Археологиядағы ақпараттық жүйелер (major)	6	5
БП ТК	AAZh 3216	Археологиядағы ақпараттық жүйелер (major)	6	5
БП ТК	KOKM 3217	Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениеті (major)	6	5
7.2 Модуль - ҚР құқығының мәселелері (minor), (20 академиялық кредит)				
БП ТК	KR MKT 3214	ҚР мемлекет және құқық тарихы (minor)	5	5
БП ТК	KR EK 3214	ҚР Еңбек құқығы (minor)	5	5
БП ТК	IMK 3216	Интеллектуалдық меншік құқығы (minor)	6	5
БП ТК	BK 3217	Балалар құқығы (minor)	6	5
8. Модуль - Еуропа мен Американың қазіргі заман тарихы және өндірістік практика (major), (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	Arh 3303	Мұрағаттану	5	5
КП ЖК	EAЕКZT 3301	Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі заман тарихы	5	5
КП ЖК	AAЕКZT 3302	Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы	5	5
БП ЖК	KZhZT 3218	Қазақстанның жаңа замандағы тарихы	5	5
БП ЖК	MK 3219	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
КП	PP	Өндірістік практика	6	5
9.1 Модуль - АҚШ пен Ресейдің сыртқы саясаты мәселелері (major), (10 академиялық кредит)				
КП ТК	PKKRSS 3304	Посткеңестік кеңістіктегі Ресейдің сыртқы саясаты	6	5
КП ТК	AOASS 3305	АҚШ-тың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты	6	5
9.2 Модуль - Мемлекеттік қызмет және жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу (minor), (10 академиялық кредит)				
КП ТК	MKB 3304	Мемлекеттік қызмет және басқару (minor)	6	5
		Жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын-алу проблемалары (minor)	6	5

7.1 Модуль - Батыс Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы археологиясы мен мәдениеті (major), (20 академиялық кредит)

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пәннің атауы: Батыс Қазақстан сақ-сармат дәуірінде

Бағдарлама авторы: Еспенбетова А.М,

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Курсты оқу барысында студенттердің бойында Батыс Қазақстандағы сақ-сармат мәдениеті және оның алатын орны, көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктері, сармат мәдениетінің қалыптасуындағы бірнеше этномәдени құрылымдардың қатынасуы жөніндегі теориялық пікірлер туралы, сармат мәдениетінің ғұн мәдениетімен өзара байланысы жөнінде білім негіздері қалыптасады. Археологиялық ескерткіштерді дәуірлік ерекшеліктеріне қарай барлау және қазба әдістерін меңгереді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Студенттердің бойында Батыс Қазақстандағы сақ-сармат мәдениеті және оның алатын орны, көшпелілердің материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктері, сармат мәдениетінің қалыптасуындағы бірнеше этномәдени құрылымдардың қатынасуы жөніндегі теориялық пікірлер туралы, сармат мәдениетінің ғұн мәдениетімен өзара байланысы жөнінде білім негіздері қалыптасады.

Пререквизиттері: Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Постреквизиттері: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы, Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): Тарихтағы алдыңғы қатарлы элементтерін қоса алғанда, Әлем және Қазақстанның ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман тарихы, Деректану, Қазақстанның тарихнамасы мен деректануы, тарих ғылымының методологиясы саласындағы негізгі ережелер мен тұжырымдамаларды біледі.

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д,Е)

Пәннің атауы: Батыс Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің археологиялық ескерткіштері

Бағдарлама авторы: Бисембаев А.А.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Пәннің мақсаты Батыс Қазақстан территориясындағы ортағасырлардағы көшпелілердің археологиялық ескерткіштері және олардың тарихи үдерістерді баяндаудағы рөлі туралы білім беру. Батыс Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің ескерткіштерінің ерешеліктерін ажырата білу дағдыларын қалыптастырады.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Студенттер әр кезеңнің археологиялық ескерткіштерінің түрін, ерекшеліктерін ажырата отырып, тарихи-мәдени үдерістегі рөліне баға бере алады.

Пререквизиттері: Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Постреквизиттері: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы, Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А) Археология ғылымының негізгі ұғымдарын және тарихи білім жүйесіндегі орнын; археологиялық зерттеулердің даму тарихы және қазіргі кездегі барысы мен бағытын біледі; В) Тарихи фактілерді түсіндіруде археологиялық-тарихи деректерге талдау әдісін практикада қолдана алады; С) Археологиялық деректерге сүйене отырып, тарихи мәдени құбылыстарға баға беру қабілетін игереді, тарихи құбылыстар мен оқиғаларға қатысты өз тұжырымын жасайды; Д) Археология пәнінің білімін ғылыми-зерттеу қызметінде пайдалану.

Е) Тарихи археологиялық материалды жүйелі баяндау іскерлігі; өзіндік ғылыми ізденістің нәтижелерін (баяндама, эссе, коллоквиум, ұжымдық дипломдық жобалар); түрінде ұсына білу іскерлігі.

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Археологиядағы ақпараттық жүйелер

Бағдарлама авторы: Бисембаев А.А.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Пәннің мақсаты археологиядағы ақпараттық жүйелер және оны қолдану тәсілдері туралы білім беру. Археологиялық зерттеулерде геоақпараттық технологияларды қолдану икемділіктерін көрсетеді. Ақпараттық жүйелер мәліметтерін кеңістіктегі талдауда және тарихи-археологиялық мұраны сақтауда қолдана алады.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Студент картография мәліметтерін, қашықтан зондтауды, археологиялық тақырыптық карталарды жасауда моделдеуді пайдалануды біледі.

Пререквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Археология.

Постреквизиттері: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы, Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректану, музейтану, мұрағаттану пәндері барысында игерген білімдері негізінде деректерді іздеу, табу, сыни талдау икемділіктерін меңгеріп, мұрағатты цифрландыру жолдарын оқып игереді, музей және мұрағат деректерін ғылыми айналымға енгізу әдістерін жүзеге асырады. Заманауи ақпараттық технологиялар туралы білімді игереді, өз жеке іс әрекетінде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: ақпараттық іздеу, сақтау, өңдеу, тарату үшін интернет ресурстары және мобильді сервистерді тарата біледі. Философия, әлеуметтану, саясаттану пәндерін оқу барысында игерген білім негіздері бойынша қоғамның саяси әлеуметтік құрылысын талдап, соған сай баға береді.

Пәннің атауы: Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениеті

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты студенттерге Қазақстанның ортағасырлық қала мәдениеті, оның ерекшеліктері және дүниежүзілік тарихи үдерістердегі рөлі туралы білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттер Қазақстан территориясындағы ортағасырлық қалалардың пайда болуы, архитектуралық ерекшеліктері және оның көшпелі өңірлермен арадағы мәдени ықпалдастығы туралы білім алады. Қалалардың сауда-экономикалық, рухани-мәдени және саяси орталық ретіндегі маңызын ұғады.

Пререквизиттері: Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Археология

Постреквизиттері: Қазақстанның жаңа заман тарихы археологиясы, Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының теориялық проблемалары

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Қазақстанда ортағасырдағы мемлекеттердің пайда болуы мен оның даму тарихы туралы, ортағасыр кезеңіндегі қазақ жеріндегі мемлекеттердің экономикалық және саяси жағдайының ерекшеліктері біледі. В. Дерекнамалық талдаудың қазіргі әдістеріне сәйкес орта ғасырлық Қазақстан тарихы туралы деректер мәтіндеріне талдау жасау, білімін практикада қолдану; С. Ортағасырдағы Қазақстан жерінде болған тарихи құбылыстар заңдылықтарын талдау, салыстыру, түсіндіру қабілеті; Д. Тарихи ілімінің маңыздылығын оқып-үйренудің маңызын көрсету отырып, тарихи құбылыстарды жаңаша, творчестволық тұрғыда түсінуге қол жеткізу; Е. Ортағасырлық Қазақстан тарихы материалдарын жүйелі баяндау іскерлігі;

7.2 Модуль - ҚР құқығының мәселелері (minor), (20 академиялық кредит

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: ҚР мемлекет және құқық тарихы (minor)

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ халқының мемлекеті мен құқығының дамуы мен пайда болуын заңды процесс ретінде нақты тарихи жағдайда және қатаң хронологиялық жүйелікте зерттеу. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы қазақтардың мемлекетінің және құқығының пайда болуын тарихтың әр кезеңіндегі дамуы мен тығыз байланыстыра келіп, сонымен қатар қоғамның материалдық өмір жағдайы мен де тығыз байланыста болатынын зерттейді. Яғни, мемлекет пен құқық тарихы ғылымының пәні болып мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуындағы экономикалық қарым-қатынастарды зерттеу жатады. Сонымен қатар мемлекет пен

құқықтың сол кездегі өндірісті әр түрлі қоғамдық экономикалық формалардағы қорғау кезіндегі қызмет ролін анықтауда жатады.

Пәннің қысқаша мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуының нақты себептері мен процесін, маңызды заңды ескерткіштерін, қазақтардың мемлекеті мен құқығының түрлері мен формаларын, мемлекеттік мекемелері мен ең маңызды құқық институттарын зерттейді. Бұл процестің әр түрлі кезеңдердегі нақты спецификалық ерекшеліктері қандай? Ең маңызды тарихи фактілер мен оқиғалар қамтып, ол біздің республикамыздағы мемлекет пен құқықтың дамуының негіздерінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындайды. Курсты оқудың нәтижесінде студенттер Қазақстанның мемлекеттік - құқықтық даму ерекшеліктерін, мақсаттары, бұл циклдің маңызы туралы түсінігі болу керек. Олар мемлекеттік практикалық құрылымы мен қазақ халқының құқығының дамуында мемлекеттіліктің жалпы пайда болуы мен даму заңдылықтарын, бұл процестің әр түрлі уақыт кезеңдеріндегі нақты спецификалық ерекшеліктері қандай екенін анықтай және көрсете білу керек.

Пререквизиттері: Мемлекеттік қызмет және басқару, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алудың проблемалары

Постреквизиттері: Құқық қорғау органдары, Саяси және құқықтық ілімдер тарихы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Шет елдің біліміндегі құқықтық білімінің мемлекет және құқық тарихында түсініп көрсте білу В) Түсіну және қолдану аумағында Қазақстанның құқық жүйесіндегі кәсіби деңгейі С) Мәселенің қалыптасу аргументерін және оқу деңгейінде шешу D) Ғылыми, этикалық, әлеуметтік, қалыптастыру және өмір сүру негізінде ақпараттар жинақтау негізінде ой қорту E) Құқықтану саласында маман ретінде ақпараттар, идеялар ,мәселелерді шешу.

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Еңбек құқығы

Бағдарлама авторы:

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің негізгі теориялық мәселелер жөнінде білім алу, еңбекті реттеу және халықты әлеуметтік қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңдылығын зерттеу, заңдылықпен жұмыс істеу қабілетін иемдену, практикада туындайтын күрделі мәселелерде бейімделуге, алған білімдерін қолдану қабілеті пайымдау.

Пәннің қысқаша мазмұны: еңбек құқығы, еңбекті ұйымдастыру, нарықтық экономика жағдайындағы меншік түрлері, еңбек қатынастары, еңбек құқығының жүйесі, еңбек құқығының қағидалары, еңбектік құқықтық қатынастарының субъектілері, олардың жіктелуі, жұмыс беруші, жұмыстылық және жұмысқа орналастыру, халық жұмыстылығы, ұжымдық шарттармен келісімдер, жеке еңбек шарты, жеке еңбек шартының мазмұнымен тараптары, жұмысқа қабылдау кезіндегі талаптар, еңбек шартын қызметкермен жұмыс берушінің бастамасымен тоқтату, жеке еңбек шартын бұзу, жұмыс уақытымен демалыс уақыты, жалақы, кепілдік және өтемақылық төлемдер, еңбек тәртібі, жеке еңбек шарты тараптарының материалды жауапкершілігі, еңбекті қорғау, еңбек туралы заңдылықты сақтауды қадағалау және бақылау, еңбек даулары, еңбекті халықаралық-құқықтық қорғау.

Пререквизиттері: Мемлекеттік қызмет және басқару, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының алдын алудың проблемалары

Постреквизиттері: Азаматтық процессуалдық құқығы, ҚР қаржы құқығы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) еңбек құқығы институтының жалпы және ерекше салаларын білу және түсіну. В) қазіргі еңбек заңнамаларын талдай білу еңбек құқығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру еңбек қатынастарындағы құқықтық құжаттарды құрастыру Білімдерді, қабілеттерді және түсіруді тәжірибеде қолдану. С) Пікір

айтуға, идеяларды бағалауға және тұжырымдар шығаруға қабілеттілік. D) Қатынас саласындағы дағды. E) Оқыту саласындағы дағдылар

8. Модуль - Еуропа мен Американың қазіргі заман тарихы және өндірістік практика (major), (30 академиялық кредит)

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пән атауы: Мұрағаттану

Бағдарлама авторы: Исмагулов Ұ.Ш.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Мұрағат және мұражай істерінің теориясы мен практикасы туралы білімдерді, мұрағат және мұражай істерінің әлемде, оның ішінде, Қазақстанда даму тарихын түсіндіру, мұрағат және мұражай мекемесінің қызметімен таныстыру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): «Мұрағат» және «Мұражай» ұғымы. Мұрағат және мұражай істерінің теориясы мен практикасы. Мұрағат және мұражай істерінің әлемде және Қазақстанда даму тарихы. Мұрағат және мұражай істерін ұйымдастыру. Мұрағаттағы ғылыми-анықтамалық аппараттар.

Пререквизиттері: Этнология, Орта ғасырлар тарихы

Постреквизиттері: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. «Музей», «мұрағат» ұғымын, музей және мұрағат ісін ұйымдастыру ерекшеліктерін, қызметі мен оның Қазақстанда даму кезеңдерін білу; музей, мұрағат заңдылықтары мен мұрағаттану саласындағы нормативті-әдістемелік құжаттар негізін білу; В. Өзінің кәсіби қызметінде музейтану, архивтану мен құжаттанудың түсінік аппаратын, нормативтік құқықтық актілерді пайдалану. С. Музейтану және мұрағаттану бойынша іргелі білімдерді қолдану қабілеті.

Д. Экспонаттар, жәдігерлер, құжаттарды жинақтау мен құндылығын бағалауда сараптау мәселесінде, оның ғылыми- анықтамалық аппаратында, сақтауды қамтамасыз етуде және оны түрлі мақсаттарда, сонымен бірге мұрағат құқығы, менеджмент және маркетингте қолдануда түлектердің білімін пайдалану қабілеті. Е. Экспонаттар, жәдігерлер, құжаттардың құндылығына сараптама жасауды, оны мұрағаттық сақтау немесе жойып жіберуге дайындық жүргізе білу; тарихи құжаттардың жинағын құрастыру үшін материалдар табу және іріктей білу; музей, архив құжаттарымен және мекеме құжаттарымен жұмыс әдісін меңгеруі, өзіндік ғылыми ізденістің нәтижелерін (баяндама, эссе, коллоквиум, мәнжазба т.б. түрінде) ұсына білу іскерлігі

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Еуропа және Америка елдерінің қазіргі замандағы тарихы.

Бағдарлама авторы: Бегімбаева Ж.С.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Студенттерге Еуропа және Америка елдерінің қазіргі замандағы тарихынан білім беру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Қазіргі заман қарсаңындағы Еуропа және Америка елдері. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа және Америка елдері. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Еуропа және Америка елдері. Қазіргі замандағы халықаралық қатынастар. Қырғи -қабақ соғыс жылдарындағы Еуропа және Америка елдері.

Пререквизиттері: Еуропа және Америка елдерінің жаңа замандағы тарихы

Постреквизиттері: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы, Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазіргі тарих ғылымының аталған пән мәселесіне қатысты негізгі ұғымдары мен әдістерін, категориальдық аппаратын білуі; В.

Тарихи деректермен жұмыс жасау қабілеттілігі; С.Монографиялардан, ғылыми мақалалар және статистикалық мәліметтерден ақпаратты жалпылау және талдау; Халықаралық қатынастар дамуының негізгі тенденцияларын сипаттау қабілеттілігі; Д. қазіргі мемлекеттердің саясатын бағалау және олардың одан әрі дамуын болжау қабілеттілігі; Е. өз білімін практикалық іс әрекетте қолдану икемінің болуы.

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д,Е)

Пәннің атауы: Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Бағдарлама авторы: Бегімбаева Ж.С.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Курстың мақсаты: ХХ ғасырдың басына таман империализмнің отарлық жүйесінің қалыптасу процесі мен оның екі дүниежүзілік соғыс нәтижесінде бөлінуін, отарлық жүйенің күйреуі және Шығыс елдерінің саяси тәуелсіздік алуы туралы білім беру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Студенттер Азия және Африка елдерінің ХХ-ХХІ ғғ. даму аспектілерін, шығыс қоғамын модернизациялау проблемаларын, оның геосаяси дамуын зерттейді.

Пререквизиттері: Азия және Африка елдерінің жаңа замандағы тарихы

Постреквизиттері: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы, Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазіргі тарих ғылымының аталған пән мәселесіне қатысты негізгі ұғымдары мен әдістерін, категориальдық аппаратын білуі; В. Тарихи деректермен жұмыс жасау қабілеттілігі; С.Монографиялардан, ғылыми мақалалар және статистикалық мәліметтерден ақпаратты жалпылау және талдау; Халықаралық қатынастар дамуының негізгі тенденцияларын сипаттау қабілеттілігі; Д. қазіргі мемлекеттердің саясатын бағалау және олардың одан әрі дамуын болжау қабілеттілігі; Е. өз білімін практикалық іс әрекетте қолдану икемінің болуы.

Пән атауы: Жаңа замандағы Қазақстан тарихы

Бағдарлама авторы: Алиқұлова Н.С.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): «Қазақстанның жаңа заман тарихының» оқытылуы барысында сіз сол заманның басты мәселелерімен, Қазақ қоғамы мен мемлекетінің ХУІІІ – ХХ ғасыр басындағы дамуының ерекшеліктері және заңдылықтарымен танысу арқылы кәсіби тұрғыдан қалыптасу үдерісіне аяқ басасыз.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Қазақстанның ХУІІІ ғ. алғашқы отыз жылдығындағы әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси жағдайы. Қазақстанның Ресейге қосылуы (ХУІІІ ғ. 30-40 жж.). ХІХ ғ. екінші жартысындағы Қазақстанның әкімшілік-саяси жағдайы. Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу. Қазақ жерлерінің Ресей империясына қосылуының аяқталуы. ХІХ ғ. екінші жартысында Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі және дамуы. Қазақстанның ХХ ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы. ХХ ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуы.

Пререквизиттер: Қазақстанның ежелгі тарихы, Қазақстанның ортағасырлардағы тарихы.

Постреквизиттер: Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі (ХХ ғ. дейін).

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): ХУІІІ – ХХ ғ. басындағы (1917 ж. дейінгі)

Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени дамуына тән өзіндік және заңдылықты қырларын білу және түсіну. В. Қарастырылып отырған кезеңнің басты проблемалары бойынша жүйелі білімдер беру. С. Тарихи деректерден алынған ақпараттарды салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық және басқа әдістермен талдау дағдыларын үйренуі; Д. Студенттердің ғылыми баяндама, мәнжазбалар дайындау үдерісінде шығармашылық қызметін белсенді ету; Е. Ғылыми интуиция негіздерін қалау; библиография құрастыруды, баяндаманы талқылауды, пікір-талас жүргізуді үйрету; ұлттық тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеу

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E)

Пән атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Мәден А.Т.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): Студент ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерді қабылдау, білім беруде барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру дағдыларын меңгереді. Студенттің білім беру жүйесіндегі менеджментті зерттеуде басқару мәдениетін тәрбиелеу және басқарушылық ойлау, талдау қабілетін дамыту. Мектеп басшыларының еңбекті ұйымдастырудағы психологиялық педагогикалық аспектілері және кейбір ғылыми талаптарды, яғни нақтылы басқарушылық білімді мектеп тәжірибесіне енгізу.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Курс басқарушылық шешімдерді қабылдау әдістерін зерделейді; нақты жағдайларды талдай және диагностикалай білуді қалыптастырады, болашақ педагог-тарихшылардың білім беру менеджменті жүйесіндегі жұмысқа дайындығын қалыптастырады, мектеп басшыларының еңбегін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін ашады, басқару функциялары, стильдері мен түрлерімен таныстырады.

Пререквизиттер: Педагогика.

Постреквизиттер: Заманауи мектеп басқару

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Ұстаздың білім беру негізінде қалыптасатын тұлғааралық қатынастарға белсенді қатысушылардың бірі ретінде іс-әрекетіне көзқарастарды қалыптастыруы қажет; В. Негізгі мәселелер менін анықтап және оларды шешуде әртүрлі бағыттарға бағдар жасай алуы қажет; Басқарудың мәні мен механизмін білуі керек; С. Менеджменттің білім беру жүйесіндегі мәні, әдістері және принциптерімен танысуы керек; білім беру жүйесінде басқару шешімдерін қабылдаудың практикалық дағдысын үйренуі қажет. Д. ҚР Заңын, құқықтық жүйенің негіздерін, менеджердің лауазымдық міндеттерін, мақсатқа жетуді ұйымдастыру жұмысының тиімділігін жетілдіре білуі тиіс; Е. Басқару үрдісіндегі қазіргі ақпараттық технологияны қолдануды меңгеруі керек

9.1 Модуль - АҚШ пен Ресейдің сыртқы саясаты мәселелері (major), (10 академиялық кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А ,В, С, D, E \

Пән атауы: Посткеңестік кеңістіктегі Ресейдің сыртқы саясаты

Бағдарлама авторы: Бегимбаева Ж.С.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курстың мақсаты): 17-19 ғасырлардағы Ресейдің сыртқы саясатын зерттеу, Ресейдің сыртқы саясатының ерекшеліктерін талдау.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдер): Ресейдің саяси даму тенденцияларын сипаттау; Ресейдің 20 ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын қарастырыңыз.

Пререквизиттер: Орта ғасырлар тарихы, саясаттану, Еуропа мен Американың қазіргі заманғы тарихы.

Постреквизит: Білімнің келесі деңгейі

Білім беру үдерісіндегі оқытудың күтілетін нәтижелері (Дублин сипаттамасы): А. Ресейдің шет елдермен, соның ішінде Орталық Азиямен қарым-қатынасының жай-күйін білу және түсіну; В. Алынған мәліметтерді Ресейдің ішкі және сыртқы саясатының мәселелерін қарастыру кезінде пайдалана білу; Тарихи дереккөздермен жұмыс істей білу; С. Монографиялардан, ғылыми мақалалардан және статикалық деректерден алынған ақпаратты талдау және жинақтау; D. Алынған ақпаратты дамыған елдердің, Ресей мен Қазақстанның тарихын оқуда пайдалана білу; Е. Іргелі зерттеулер мен дереккөздерді пайдалана отырып, өздік жұмысты орындай білу. Зерттеу дағдыларына ие болу және осы мәселе бойынша заманауи ғылыми монографияларды пайдалану.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д,Е)

Пән атауы: АҚШ- тың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты

Бағдарлама авторы: Кубышкина А.К.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері): АҚШ- тың Орталық Азиядағы сыртқы саясаты туралы білім беру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Орталық Азия елдері өздерінің тәуелсіздіктеріне қол жеткізген сәттен бастап әлемдік алпауыт мемлекеттердің мүдделері тоғысқан аймаққа айналды. Сондай мемлекеттердің бірі қазіргі кездегі әлемдегі бірден-бір қуатты мемлекет АҚШ болып табылады. Орталық Азияны АҚШ ұзақ уақыттан бері өзінің ұлттық мүдделері бар аймақтардың бірі екендігін осы күнге дейін жасырған емес. Вашингтонның Орталық Азияға қатысты мұндай ерекше қатынасына серпін берген факторлардың қатарында КСРО ыдырауын, әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлсіз және ешқандай әскери-саяси доктринасы жоқ орта азиялық тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуын атауға болады.

Пререквизиттері: Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Қазақстан тарихының тарихнамасы және деректемесі, Тарих әдіснамасы.

Постреквизиттері: Қазақстандағы миграциялық процестер, Қазақстан тарихы бойынша деректер, Шет елдер тарихының тарихнамасы, Әлемдік өркениеттер.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазіргі тарих ғылымының аталған пән мәселесіне қатысты негізгі ұғымдары мен әдістерін, категориялық аппаратын білуі; В. Тарихи деректермен жұмыс жасау қабілеттілігі; С.Монографиялардан, ғылыми мақалалар және статистикалық мәліметтерден ақпаратты жалпылау және талдау; Халықаралық қатынастар дамуының негізгі тенденцияларын сипаттау қабілеттілігі; Д. қазіргі мемлекеттердің саясатын бағалау және олардың одан әрі дамуын болжау қабілеттілігі; Е. өз білімін практикалық іс әрекетте қолдану икемінің болуы.

9.2 Модуль - Мемлекеттік қызмет және жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын алу (minor), (10 академиялық кредит

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жемқорлық құқықбұзушылықтың алдын-алу проблемалары (minor).

Курсты оқытудың мақсаты: Жемқорлық құқықбұзушылықтардың криминологиялық және қылмыстық-құқықтық аспектілерін зерттеу

Пәннің қысқаша мазмұны: Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың түрлері, сыбайлас жемқорлықпен күресудің түсінігі, сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі шаралары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар, сыбайлас жемқорлықпен күресетін мемлекеттік органдар.

Пререквизиттері: Мемлекет және құқық теориясы, ҚР қылмыстық құқығы (Жалпы және Ерекше бөлімдері)

Постреквизиттері: Қылмыстық сот өндірісі бойынша практикум, Криминалистика

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) сыбайлас жемқорлықпен күресу саласындағы білімдер және түсініктер В) Сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі шараларың білу С) сыбайлас жемқорлықпен күресу саласындағы позициясын сауатты баяндауға, пікірлер айтуға, идеяларды бағалауға және тұжырымдар шығаруға қабілеттілік D) сыбайлас жемқорлықпен күресу саласындағы мәліметтермен пайдалану E) Нақты міндеттерді шешудегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы оқыту саласындағы дағдылар

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Мемлекеттік қызмет және басқару

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі кезеңде әр түрлі мамандардырылған соттар әлемнің дамыған мемлекеттерінің көпшілігінде құрылған. Қазақстан Республикасы бұл мемлекеттермен жан-жақты қатынастар орнатты және олармен бір құқықтық кеңістікке кіруге әрекет жасап жатыр. Осы факторлар «Әкімшілік жауапкершілік» арнайы курсын оқытудың маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді. Аталған арнайы курсты зерттеу Қазақстанның әкімшілік соттары жүйесінің жұмыс жасауының жалпы және ерекше қағидаларын, әкімшілік-процессуалдық реттеу пәнін, әкімшілік-процессуалдық қатынастар субъектілерін, әкімшілік-процессуалдық құжаттардың нысанын және оларға заңи күш беру процедурасын анықтап, зерделеуге мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Әкімшілік мәжбүрлеу түсінігін, категорияларын, институттарын, жүйесін, әкімшілік құқық бұзушылықтар ерекшеліктерін кешенді оқыту.

Пререквизиттері: Мемлекет және құқық теориясы

Постреквизиттері: жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Халықаралық жеке құқығы, Халықаралық келісім шарт құқығы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) әкімшілік заңнаманы дұрыс түсінуге оқыту; В) нақты жағдайларға байланысты әкімшілік құқық нормаларын дұрыс талқылап және қолдану үшін дағды мен әдетке үйрету; С) әкімшілік процесске қатысушыларды анықтау, олардың әрқайсысының атқаратын қызметі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу міндеттері мен тәртібі, ерекшеліктері, оларды қарау кезіндегі дәлелдемелер мен дәлелдеу туралы; D) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау, қарау; E) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыларды қайта қарау тәртібі туралы терең білім беру жатады.

6B02201-ТАРИХ

4 курс

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пәннің атауы	Семестр	ҚР кредиті, ECTS
11.1. Модуль - Қазақ халқының рухани мәдениеті және тарихи ескерткіштер, 16 кредит)				
БП ТК	KHRM 4220	Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы)	7	3
КП ТК	KHEUDZh 4306	Қазақ халқының этнографиялық ұғымдарының дәстүрлі жүйесі	7	5
КП ТК	AKOTE 4307	Арал-Каспий өңірінің архитектуралық ескерткіштері	7	5
11.2 Модуль - Қазақстанның және Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштері, 16 кредит)				
БП ТК	BKKDE 4220	Батыс Қазақстанның қола дәуіріндегі ескерткіштері	7	3
КП ТК	ETDA 4306	Ерте темір дәуірінің археологиясы	7	5
КП ТК	KOA 4307	Қазақстанның ортағасырлық археологиясы	7	5
12.1. Модуль. Қазақстан тарихы, археологиясы мен өркениетінің проблемалары, 10 кредит)				
КП ТК	KETATP 4308	Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының теориялық проблемалары	7	5
КП ТК	KOKM 4309	Көшпелілер өркениеті: теориясы мен практикасы	7	5
12.2.Модуль XX ғасырдағы Қазақстан тарихының проблемалары, 10 кредит)				
КП ТК	AZKMP 4308	Алаш зиялылары және қазақ мемлекеттілігі проблемасы	7	5
КП ТК	KZhSEOK 4309	Қазақстанның XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси-экономикалық өміріндегі катаклизмдер	7	5
13.1. Модуль. Қазақстан этнографиясының мәселелері, 22 кредит				
КП ТК	KTTHEA 4310	Қазақ және түркі тілдес халықтардың этнографиялық аналогиясы	7	5
КП ТК	KEGDT 4311	Қазақстандағы этнография ғылымының даму тарихы (XX ғасырдың 20-80 жж.)	7	5
13.2.Модуль. Этнография ғылымының мәселелері, 22 кредит				
КП ТК	KAOKZh 4310	Қазақтардың XVI-XVIII ғғ. әскери өнері мен қару жарақтары	7	5
КП ТК	ANE 4311 OP	Әлем халықтарының этнологиясы Өндірістік практика	7	5

11.1. Модуль –Қазақ халқының рухани мәдениеті және тарихи ескерткіштер.13 кредит(Этнология)

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пәннің атауы: Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы

Бағдарлама авторы:Бегімбаева Ж.С.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Пәнді оқыту барысында қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы туралы мағлұмат беріледі. Қазақ халқының ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі рухани мәдениетінің жетістіктері туралы білім алады. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрі, ән-күй өнері және оның өкілдері туралы оқытылады. Студенттер қазақ халқының рухани мәдениетінің жетістіктеріне баға бере алады. Алған білімін зерттеу жұмыстарында қолданады.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерге сипаттама. Архитектуралық ескерткіштер. Көне замандағы қалалар. Қазіргі заманғы қалалардың сәулет өнері. Батыс Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. Солтүстік және Орталық Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. Шығыс Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық мұражайы. Еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің туризмдегі рөлі.

Пререквизиттері: Ортағасырдағы Қазақстан тарихы, Орта ғасырдағы тарих, Қазақстанның жаңа заман тарихы.

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерге сипаттама жасай біледі; Көне замандағы қалалармен танысады. В. Архитектуралық ескерткіштердің құрылымын анықтауға дағдыланады; Еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің туризмдегі рөлін анықтауға дағдыланады. С. Қазіргі заманғы қалалардың сәулет құрылыстарының бағыттарын меңгереді; Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін туристік бағытта қолдануды үйренеді. Д. пәнаралық синтездің әдістемелік мүмкіндіктерінің саналуандылығында бағыт ұстана білу; түрлі ресурстарды (әдебиет, мұрағат, музей, жаһандық компьютерлік желі, конференциялар, семинарлар) пайдалана отырып, ақпараттарды өзбетінше іздеуді жүзеге асыра білу; Е. Археологиялық зерттеу міндеттерін шешу үшін деректер табу білу; пән бойынша өзіндік ғылыми ізденістер нәтижелерін (баяндама, эссе, коллоквиум, ұжымдық диплом жобалары) жеткізе білу қабілеті. сипаттамаларын, әлемдегі этномәдени, этнодіни процестердің негізгі заңдылықтарын зерттеу іскерлігі

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пән атауы: Қазақ халқының этнографиялық ұғымдарының дәстүрлі жүйесі

Бағдарлама авторы: Еспенбетова А.М.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері) студенттерге «Қазақстан халықтарының этнологиясы» курсының пәнін, мақсаты мен міндеттерін, Қазақстан халықтарының этнографиясы, қазақ халқының этногенезі және этникалық тарихы сынды мәселелермен, және этнологиялық зерттеудің тәжірибелік жұмыстарын игеруге қажетті теориялық білім

Көлемімен таныстыру.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Этнос және этнология. Этнология ғылымының тарихы. Қазақстандағы көпұлтты халық. Қазақстандағы негізгі ұлттар: қазақтар, орыстар, татарлар, украиндар, кәрістер, т.б. Қазақстан халықтарының этнографиясы.

Пререквизиттері: Этнология, Ортағасырдағы Қазақстан тарихы

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Этнологияның негізгі теориялық мәселелерін, этнология ғылымының тарихын, дүние жүзі халықтарын топтаудың түрлерін біледі; В. Қазақстандағы халықтардың мәдени құндылықтарының бағасын білуі т.б. білім нәтижелеріне қол жеткізеді. С. Адамзаттың қалыптасуындағы біртұтастылық туралы пікірін тұжырымдайды, өркениетті жасаудағы халықтың рөлін бағалайды; Д. Этностар арасындағы қатынас түрлерін анықтайды, этностар арасындағы байланыс және оның нәтижелеріне талдау жасайды; Е. Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ерекшеліктерін білуі іскерлігі;- дәстүрлі мәдениеттің негізгі сипаттамаларын, әлемдегі этномәдени, этнодіни процестердің негізгі

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пәннің атауы: Арал-Каспий өңірінің тарихи ескерткіштері

Бағдарлама авторы: профессор Бекназаров Р.А.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты). Студенттерге Арал-Каспий өңірінің тарихи ескерткіштері туралы кеңінен мәлімет беру.

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері). Ежелгі антикалық өркениет. Ежелгі шығыс өркениеті.

Пререквизиттері: Археология, Этнология.

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Жалпы адами құндылықтарды түсінуі және білуі; Арал-Каспий өңірінің тарихи ескерткіштері туралы білу білуі; В. Ескерткіштер тарихын пайымдауға қабілеттілігі; мәдениетке түрлі әлемдік өркениеттердің, әлемнің түрлі аймақтарындағы қоғамдық-саяси процестердің рөлі мен ықпалын айқындау қабілеттілігі; түркі халықтары дамуының негізгі тенденцияларын сипаттай білуі; С. қазақтардың көшпелі мал шаруашылығының сипаттық ерекшеліктері жөнінде талдау жасай білуі; Д. түрлі өркениеттер немесе ірі өркениеттік аймақтар арасында салыстыру жүргізе білуі; Е. түрлі ескерткіштердің жалпы және айрықша ерекшеліктерін айқындай білуі; Фактілерді жүйелеу, тарихи материалдарға талдау жасауды жүзеге асыру қабілеттілігі.

11.2. Модуль – Қазақстанның және Батыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштері, 13 кредит (Археология)

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пән атауы: Батыс Қазақстанның қола дәуіріндегі ескерткіштері

Бағдарлама авторы: Еспенбетова А.М.

Курстың қысқаша сипаты (курстың мақсаты мен міндеттері). Курстың мақсаты Батыс Қазақстан территориясындағы қола дәуіріндегі археологиялық ескерткіштердің тарихи үдерістерді сипаттаудағы рөлі туралы білім беру. Курсты оқу барысында студенттер қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктері, оның ішінде қола дәуіріндегі жерлеу ерекшеліктері туралы білім негіздерін қалыптастырады. Алған білімін зерттеу жұмыстарында қолданады.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Курсты оқу барысында студенттер қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктері, оның ішінде қола дәуіріндегі жерлеу ерекшеліктері туралы білім негіздерін қалыптастырады.

Пререквизиттері: Археология, Қазақстанның ежелгі тарихы

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): А. Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерге сипаттама жасай біледі; Көне замандағы қалалармен танысады. В. Архитектуралық ескерткіштердің құрылымын анықтауға дағдыланады; Еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің туризмдегі рөлін анықтауға дағдыланады. С. Қазіргі заманғы қалалардың сәулет құрылыстарының бағыттарын меңгереді; Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштерін туристік бағытта қолдануды үйренеді

Дублин дискриторлары: (А, В, С, Д, Е)

Пәннің атауы: Ерте темір дәуірінің археологиясы

Бағдарлама авторы: Уразмагамбетов Н.Н.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Пәннің мақсаты студенттерге ерте темір дәуірінің археологиялық ескерткіштері және оның ерекшеліктері туралы білім беру. Ерте темір дәуірінің археологиясы ежелгі Қазақстан тарихы және археологиямен ортақ әдістемесі бар, бірақ өзіндік сипатымен ерекшеленетін бір бөлімі.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Студенттер археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктерін ажыратып, тарихи-мәдени үдерістегі рөліне баға береді. Алған білімін зерттеу жұмыстарында қолданады.

Пререквизиттері: Археология, Қазақстанның ежелгі тарихы

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): Археология, этнология және қосалқы тарихи пәндер бойынша қалыптасқан теориялық білімдері мен икем-дағдыларын оқу практикалары мен ғылыми зерттеу жұмыстарына қолдана алады, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, геральдикалық зерттеулерді жүзеге асырады.

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пәннің атауы: Қазақстанның ортағасырлық археологиясы

Бағдарлама авторы: Уразмагамбетов Н.Н.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Пәннің мақсаты студенттерге Қазақстанның ортағасырлық археологиясы мен археологиялық ескерткіштері және олардың ерекшеліктері туралы білім беру. Қазақстанның ортағасырлық археологиясы ортағасырдағы Қазақстан тарихы және археология пәндерімен тығыз байланысты, бірақ өзіндік сипатымен ерекшеленеді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Пән студенттерге археологиялық зерттеу саласында білім береді. Ортағасырлық Қазақстан тарихын археологиялық тұрғыдан зерттеуге, алынған нәтижелерді білім саласында қолдануға дағдыланады.

Пререквизиттері: Археология, Ортағасырдағы Қазақстан тарихы

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): Археология, этнология және қосалқы тарихи пәндер бойынша қалыптасқан теориялық білімдері мен икем-дағдыларын оқу практикалары мен ғылыми зерттеу жұмыстарына қолдана алады, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, геральдикалық зерттеулерді жүзеге асырады

12.1. Модуль. Қазақстан тарихы, археологиясы мен өркениетінің проблемалары, 10 кредит)

Дублин дискриторлары: (А, В,С, Д,Е)

Пәннің атауы: Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының теориялық проблемалары

Бағдарлама авторы: Уразмагамбетов Н.Н.

Курстың қысқаша сипаттамасы (курсты оқытудың мақсаты): Пәннің мақсаты студенттерге Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының теориялық проблемалары туралы білім беру. Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының теориялық проблемалары пәні Қазақстан тарихы және археология пәндерімен тығыз байланысты, бірақ өзіндік сипатымен ерекшеленеді.

Курстың қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері): Пән Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының тарихи зерттеулер нәтижесінде қалыптасқан және әлі де зерттеуді қажет ететін мәселелері туралы білім береді. Қазақстандағы археологиялық зерттеулер жұмысының тарихы мен жетістіктері оқытылады. Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының әлемдік тарихтағы орнына баға беріледі. Ежелгі Қазақстан тарихын археологиялық тұрғыдан зерттеуге, нәтижелерді білім саласында қолдануға дағдыланады.

Пререквизиттері: Археология, Ортағасырдағы Қазақстан тарихы

Постреквизиттері: Білім берудің келесі деңгейі.

Курсты оқу нәтижелері (білу, жасай білуі): : Қазақстанның ежелгі тарихы мен археологиясының теориялық проблемалары бойынша қалыптасқан теориялық білімдері мен икем-дағдыларын оқу практикалары мен ғылыми зерттеу жұмыстарына қолдана

алады, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, геральдикалық зерттеулерді жүзеге асырады

12.2. Модуль XX ғасырдағы Қазақстан тарихының проблемалары, 10 кредит)

Дублиндік дискрипторлар: (А, В, С, D, E)

Пән атауы: Алаш зиялылары және қазақ мемлекеттілігі проблемасы.

Бағдарлама авторы: Маден А.Т.

